




Yacht-Master 42

Oyster, 42 мм, сары алтын

A close-up, high-angle photograph of a luxury watch case and bracelet. The watch is positioned diagonally across the frame. The case is a dark, polished metal, and the bracelet is made of matching metal links. A large, embossed 'PM' logo is visible on the upper part of the case. The watch face is partially visible, showing a dark dial with a date window. The background is a soft, out-of-focus light brown color.

Yacht-Master 42
18-караттық сары
алтын жасалған Oyster
Perpetual қара
циферблат
пен Oysterflexбілезігі.



OYSTERFLEX БІЛЕЗІГІ

Өте төзімді және берік

Rolex әзірлеген және патенттеген Yacht-Master жаңа Oysterflex білезігі металл білезіктер орнына спорт баламасы ретінде ұсынылады. Білезік сағат корпусына және Oysterlock қауіпсіздік түймелігіне титан мен никель қорытпасының икемді металл жүзімен бекітіледі.

Жүзі жоғары сапалы қара эластомермен жоғарыдан құйылады, ол әсіресе қоршаған орта әсерлеріне төзімді, өте берік және сағат иесі үшін өте инертті. Қосымша жайлылық үшін Oysterflex білезігінің ішкі жағы сағаттың білекте бекім тұруын қамтамасыз ететін патенттелген ұзына бойлы жастықша жүйесімен

жабдықталған және 18-караттық сары алтын Oysterlock түймелігімен жабдықталған. Сондай-ақ, ол бренд әзірлеген және патенттеген Rolex Glidelock ұзарту жүйесін ұсынады. Ол басқа құралсыз шамамен 2,5 мм қадаммен 15 мм дейін, білезік ұзындығын дәл реттеуге мүмкіндік беретін түймелік қақпағының астында орналасқан тісті өнертапқыш механизмі.



18-КАРАТТЫҚ САРЫ АЛТЫН

Кемелдікке талпыну

Өзінің ерекше жеке құю өндірісімен, Rolex-те жоғары сапалы 18-караттық алтын қорытпаларын құюдың қайталанбас мүмкіндігі бар. Күміс, мыс, платина немесе палладийдің үлес салмағын қосып, 18-караттық алтынның әр түрлі түрлері алынады: сары, қызғылт немесе ақ.

Қоспасыз металдардан алынған алтын қорытпасы компанияның ең соңғы технологиясымен жабдықталған зертханасында мұқият бақылаудан өтеді. Содан соң оның сапасына ерекше назар аудара отырып, одан қажетті бөлшектер жасалады.

Rolex бұйымының кемелдікке ұмтылысы өзінің шығу жерінен бастауын алады.



ЕКІ БАҒЫТТА АЙНАЛМАЛЫ БЕЗЕЛЬ

Қашықтық уақытын белгілеу

Yacht-Master моделінің екі бағытта айналмалы 60 минуттық етіп ойылған безелі асыл материалдардан жасалған (Everose алтыны немесе платина) немесе моделіне байланысты жоғары технологиялық керамикадағы Cerachrom дискімен жабдықталған. Өңделген шығыңқы цифрлар мен межеліктегі таңбалар құм ағынымен өңделген беттің күңгірт фонында керемет ерекшеленеді.

Бұл функционалдық безельдің, мысалы, иесіне екі қалтқы арасындағы жүзу уақытын есептеуге мүмкіндік

беруі де, бұл модельдің көрнекі ерекшелігінің маңызды құрамдас бөлігі болып саналады.



ҚАРА ЦИФЕРБЛАТ

Ерекше оқылу

Барлық Rolex Professional сағаттары тәрізді, Yacht-Master 42, әсіресе, қараңғы кезде өзінің Chromalight дисплейінің арқасында барлық жағдайларда керемет оқылу мүмкіндігін ұсынады.

Кең тілдері және сағат таңбалары қарапайым пішімдерден тұрады - үшбұрыштар, шеңберлер, тіктөртбұрыштар - және ұзақ уақытқа жарқыл беретін люминесцентті материалмен толтырылған.

Толығырақ техникалық деректер Yacht-Master

Сілтеме 226658

Модель корпусы

Түрі

Oyster, 42 мм, сары алтын

Диаметрі

42 мм

Безель

Керамикалық, өңделген, күңгірт қара Cerachrom дискі, оймышталған сандар және межеліктегі таңбалары бар екі бағытта айналмалы 60 минуттық етіп ойылған безель

Oyster құрылымы

Біртұтас ортаңғы корпус, корпусың бұрандалы артқы қақпағы және бұрамалы бастиек

Бұрамалы бастиек

Бұрандалмалы, үш есе суға төзімді Triplock жүйесі

Кристал

Сызаттардың пайда болуына төзімді, жақұтты, күнін көрсету терезесінде Cyclops линзасы

Суға төзімділік

Суға төзімділігі 100 метрге / 330 футқа дейін

Механизм

Түрі

Perpetual, механикалық, автоматты түрде құлағынан бұрау

Калибр

3235, Rolex өндіру зауыты

Дәлдік

-2/+2 сек/сутки (после установки механизма в корпус)

Осциллятор

Синяя парамагнитная спираль
Parachrom. Жоғары өнімділікті соққыға
қарсы Paraflex
жүйесі fiber_manual_record

Бұрамалы

Perpetual роторы арқылы екі бағытта
автоматты түрде құлағынан бұрау

Қуат қоры

Шамамен 70 сағат

Функциялары

Сағат центрі, минут және секунд
тілдері. Тез орнатылатын дәл қазіргі
дата. Нақты уақытты орнатуға
арналған стоп- секундтар

Білезік

Түрі

Oysterflex

Білезік материалы

Жоғары өнімділікті эластомермен
жоғарыдан құйылған икемді металл
жүздер

Түймелік

Жиналмалы тоғамен Oysterlock
қауіпсіздік түймелігі, Rolex Glidelock
ұзарту жүйесімен

Циферблат

Түрі

Қара

Мәліметтер

Ұзақ уақыт көк сәуле тарайтын өте
анық Chromalight дисплейі

Сертификаттау

Түрі

Superlative Chronometer (механизмді
корпусына орнатқан соң
хронометрдің ресми сертификациясы
+ Rolex сертификациясы)

Толығырақ ақпаратты [Rolex.com](https://www.rolex.com) сайтында зерттеңіз және біліңіз

Сауда белгілері, қызмет көрсету белгілері, сауда атаулары, дизайн және авторлық құқық тәрізді барлық зияткерлік меншік құқықтары қорғалған.

Бұл веб-сайттағы қандай да ақпаратты жазбаша рұқсатсыз көшіруге болмайды. Rolex кез келген уақытта осы веб-сайттағы модельдерді өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

